

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау тетігін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 тамыздағы № 1047 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 181 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 181 қаулысымен.**

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңының 4-бабының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау тетігі **бекітілсін.**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Премьер-Министри*

*K. Мәсімов*

*Қазақстан*

*Республикасы*

*Үкіметінің*

*2012*

*жылғы*

*15*

*тамыздағы*

*№*

*1047*

*қаулысымен*

*бекітілген*

**Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау тетігі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау тетігі (бұдан әрі – тетік) «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңының 4-бабының 8) тармақшасына **сәйкес** өзірленеді.

2. Осы тетікте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) энергетикалық аудит (энергия аудиті) - энергия үнемдеудің мүмкіндігі мен

әлеуетін бағалау және қорытынды дайындау мақсатында энергетикалық ресурстардың пайдаланылуы туралы деректерді жинау, өндіеу және талдау;

2) энергетикалық тиімділік (энергия тиімділігі) – энергетикалық ресурстарды пайдаланудан болған пайдалы әсердің осы әсерді алу мақсатында өндірілген энергетикалық ресурстардың шығындарына қатынасын көрсететін сипаттамалар;

3) энергия үнемдеу – пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру;

4) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

3. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты өз құзыретінің шегінде іске асыратын жергілікті атқарушы органдардың қызметі бағалау объектісі болып табылады.

## **2. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау тетігі**

4. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 30 қаңтарынан кешіктірмей осы тетікке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық тасығыштарда уәкілетті органға есеп береді.

5. Облыстың жергілікті атқарушы органы жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 қаңтарынан кешіктірмей осы тетікке 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық тасығыштарда уәкілетті органға есеп береді.

6. Жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау үшін уәкілетті орган ұсынылған есептерге мынадай өлшемдер бойынша талдау жүргізеді:

1) өз құзыреті шенберінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты және тиісті аумақты дамыту бағдарламасына енгізілген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс - шараларды іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік мекемелердің энергия тұтынудың нормативтерін сақтауына мониторингті жүзеге асыру;

3) мемлекеттік мекемелерде энергия аудитін өткізуі ұйымдастыру;

4) мемлекеттік мекемелерді терможанғыртуды өткізуі ұйымдастыру;

5) мемлекеттік мекемелер үшін энергетика ресурстарын есепке алу аспаптарын сатып алу және орнату;

6) мемлекеттік мекемелер үшін жылу тұтынуды реттеудің автоматты жүйелерін сатып алу және орнату;

7) энергия үнемдейтін шамдарды пайдалануды ескере отырып, саябаққа және көшеге жарық беруді жаңғыртуды қамтамасыз ету;

8) тұрғындарда пайдалануда болған, құрамында сынап бар энергия үнемдеу шамдарын кәдеге жаратуды үйымдастыру.

7. Энергия үнемдеу мәселелері бойынша республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) және облыстардың жергілікті атқарушы органдарының қызметін бағалауды үәкілетті орган осы тетіктің 8-тармағына сәйкес өлшемдердің балдары бойынша 40 және 10-балдық шкалалық жүйе бойынша жүзеге асырады.

Әрбір өлшем бойынша көрсеткіштер анықталады, оларға сәйкес тиісті балдар шығарады.

8. Жергілікті атқарушы органдың қызметін бағалау өлшемдерінің көрсеткіштері мыналар болып табылады:

1) аумақтарды дамыту бағдарламасындағы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы нысаналы индикаторлар мен міндеттердің пайыздық орындалуы (1-20 % - 1 балл, 21-40 % - 2 балл, 41-60 % - 3 балл, 61-80 % - 4 балл, 81 - 100 % - 5 балл);

2) мемлекеттік мекемелердің жалпы санына қатысты мемлекеттік мекемелердің энергия тұтыну нормативтерін сақтауын мониторингілеудің пайыздық қамтуы (1-20 % - 1 балл, 21-40 % - 2 балл, 41-60 % - 3 балл, 61-80 % - 4 балл, 81 - 100 % - 5 балл);

3) мемлекеттік мекемелердің жалпы санына қатысты пайыздық мәнде мемлекеттік мекемелерде өткізілген энергия аудитінің жыл сайынғы саны (1-10 % - 1 балл, 11-20 % - 2 балл, 21-35 % - 3 балл, 36-50 % - 4 балл, 51-100 % - 5 балл);

4) мемлекеттік мекемелердің жалпы санына қатысты пайыздық мәнде мемлекеттік мекемелерді терможаңғыртудың жыл сайынғы саны (1-10 % - 1 балл, 11-20 % - 2 балл, 21-35 % - 3 балл, 36-50 % - 4 балл, 51-100 % - 5 балл);

5) мемлекеттік мекемелердің жалпы санына қатысты пайыздық мәнде мемлекеттік мекемелерге арналған орнатылған энергетика ресурстарын есепке алу аспаптарының саны (1-20 % - 1 балл, 21-40 % - 2 балл, 41-60 % - 3 балл, 61-80 % - 4 балл, 81 - 100 % - 5 балл);

6) мемлекеттік мекемелердің жалпы санына қатысты пайыздық мәнде мемлекеттік мекемелерге арналған жылу тұтынуды реттеудің орнатылған автоматты жүйелерінің саны (1-20 % - 1 балл, 21-40 % - 2 балл, 41-60 % - 3 балл, 61-80 % - 4 балл, 81 - 100 % - 5 балл);

7) энергия үнемдейтін шамдарды пайдалануды ескере отырып, жаңғыртылған саябаққа және көшеге жарық берудің үлесі (1-20 % - 1 балл, 21-40 % - 2 балл, 41-60 % - 3 балл, 61-80 % - 4 балл, 81-100 % - 5 балл);

8) түрғындарда пайдалануда болған, кәдеге жаратылған құрамында сынап бар энергия үнемдейтін шамдардың үлесі (1-50 % - 1 балл, 51-65 % - 2 балл, 66-85 % - 3 балл, 86-95 % - 4 балл, 96-100 % - 5 балл).

9. Жергілікті атқаруышы органдардың қорытынды бағасы барлық өлшемдер бойынша алынған есеп нәтижелерін қосу арқылы анықталады.

### К о р ы т ы н д ы    б а ғ а :

1) балдардың жалпы санының 60 %-ынан төмен немесе соған тең болса «  
т е м е н » ;

2) балдардың жалпы санының 60-85 % аралығында болса «орташа»;

3) балдардың жалпы санының 85 %-ға тең немесе одан жоғары болса «  
ж оғ а р ы »    б о л ы п    с а на л а д ы .

10. Бағалау нәтижесі бойынша уәкілетті орган жыл сайын, есептік жылдан кейінгі жылдың 30 наурызынан кешіктірмей, осы тетіктің 3 және 4-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жергілікті атқаруышы органдардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша қызметін бағалау нәтижелері туралы қорытынды өзірлейді.

11. Жергілікті атқаруышы органдардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша бағалау нәтижелері уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады.

Энергия    Энергия  
тиімділігін    мәселелері  
бойынша    арттыру  
органдардың    жергілікті    атқаруышы  
т е т і г і н е    қызметін    бағалау  
1-қосымша

### Есеп беру нысаны

#### (жергілікті атқаруышы орган атауы)

(есепті кезең)

p/c №	Іс-шараның атауы	**Нысаналы индикатор/ жалпы саны	Оның ішінде		Есепті кезең ішінде орындалған жұмыс туралы ақпарат
			Есепті кезең ішінде	Барлығы	
1	2	3	4	5	6
	Аумақты дамыту бағдарламасындағы энергия үнемдеу және энергия				

1	тиімділігін арттыру саласындағы нысаналы индикаторлар мен міндеттерді және өз құзыреті шегінде белгіленген нысаналы индикаторлардан мемлекеттік саясатты орындауды			
2	Мемлекеттік мекемелердің жалпы санына қатысты мемлекеттік мекемелердің энергия тұтыну нормативтерін сақтауын мониторинглеудің пайыздық қамтуы			
3	Мемлекеттік мекемелердің жалпы санына қатысты пайыздық мәнде мемлекеттік мекемелерде өткізілген энергия аудитінің жыл сайынғы саны			
4	Мемлекеттік мекемелердің жалпы санына қатысты пайыздық мәнде мемлекеттік мекемелерді термо жаңыртудың жыл сайынғы саны			
5	Мемлекеттік мекемелердің жалпы санына қатысты пайыздық мәнде мемлекеттік мекемелерге арналған орнатылған энергетика ресурстарын есепке алу аспаптарының саны			
6	Мемлекеттік мекемелердің жалпы санына қатысты пайыздық мәнде, мемлекеттік мекемелерге арналған жылу тұтынуды реттеудің орнатылған автоматты жүйелерінің саны			
7	Энергия үнемдейтін шамдарды пайдалануды ескере отырып, жаңыртылған саябаққа және көшеге жарық берудің үлесі			
8	Тұргындарда пайдалануда болған, кәдеге жаратылған күрамында сынап бар энергия үнемдейтін шамдардың үлесі			

Е ск е р т п е :

\* - осы жол үшін 2-7-бағаналарды толтыру міндетті емес

\*\* 3-бағанда (нысаналы индикатор/жалпы сан) көрсетіледі

1 - жолда керекті нысаналы индикаторлар

2-6-жолдарда - әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік мекемелердің жалпы саны

7-жолда - әкімшілік-аумақтық бірлікті орналасқан саябақтар мен көшеге жарығы жалпы саны.

**Энергия**      **үнемдеу**      **және**      **Энергия**  
**тиімділігін**      **арттыру**      **мәселелері**  
**бойынша**      **жергілікті**      **атқарушы**  
**органдардың**      **қызметін**      **бағалау**  
**т е т і г і н е**  
**2-қосымша**

## **Есеп беру нысаны**

---

### **(облыстың жергілікті атқарушы органының атауы)**

**(есепті кезең)**

Р/с №	Іс-шараның атауы	Нысаналы индикатор/жалпы саны	Оның ішінде		Есепті кезең ішінде орындалған жұмыс туралы ақпарат
			Есептік кезең ішінде	Барлығы	
1	2	3	4	5	6
1	Аумақты дамыту бағдарламасындағы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы нысаналы индикаторлар мен міндеттерді және өз құзыреті шегінде белгіленген нысаналы индикаторлардан мемлекеттік саясатты орындауды				
2	Мемлекеттік мекемелердің жалпы санына қатысты мемлекеттік мекемелердің энергия тұтыну нормативтерін сактаудың мониторингілеудің пайыздық қамтуы				

**Энергия**      **үнемдеу**      **және**      **Энергия**  
**тиімділігін**      **арттыру**      **мәселелері**  
**бойынша**      **жергілікті**      **атқарушы**  
**органдардың**      **қызметін**      **бағалау**  
**т е т і г і н е**  
**3-қосымша**

**Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау нәтижелері туралы қорытынды**

---

## (жергілікті атқарушы органның атауы)

(есепті кезең)

P/c №	Бағалау өлшемдері	Әрбір өлшемді бағалау балдары
1	Өз құзыреті шенберінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты және тиісті аумақты дамыту бағдарламасына енгізілген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру	
2	Өз құзыреті шегінде мемлекеттік мекемелердің энергия тұтынудың нормативтерін сақтауына мониторингті жүзеге асыру	
3	Мемлекеттік мекемелерде энергия аудитін өткізуі ұйымдастыру	
4	Мемлекеттік мекемелерді терможанғыртуды өткізуі ұйымдастыру	
5	Мемлекеттік мекемелер үшін энергетика ресурстарын есепке алу аспаптарын сатып алу және орнату	
6	Мемлекеттік мекемелер үшін жылу тұтынуды реттеудің автоматты жүйелерін сатып алу және орнату	
7	Энергия үнемдейтін шамдарды пайдалануды ескере отырып, саябаққа және көшеге жарық беруді жаңғыртуды қамтамасыз ету	
8	Тұрғындарда пайдалануда болған, құрамында сынап бар энергия үнемдеу шамдарын кәдеге жаратуды ұйымдастыру	
Жалпы бағалау:		
Жалпы бағалаудың мәні:		

Бағалау өлшемдері бойынша жергілікті атқарушы орган қызметінің тиімділігін талдау: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Тұжырымдар мен ұсынымдар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Мемлекеттік  
органның басшысы

(қолы)

(қолының толық жазылуы)

Мемлекеттік  
тиісті  
бөлімшесінің басшысы

(қолы)

(қолының толық жазылуы)

20 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_

Энергия  
тиімділігін  
бойынша  
органдардың  
тетігіне  
4-қосымша

үнемдеу  
арттыру  
жергілікті  
қызметін

және  
арралдау  
атқарушы  
бағалау

Энергия  
мәселелері  
байланыш  
қызметін  
бағалау

**Энергия үнемдеу және Энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша  
жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау нәтижелері туралы  
қорытынды**

**(жергілікті атқарушы органның атауы)**

**(есепті кезең)**

№	Бағалау өлшемдері	Әрбір өлшемді бағалау балдары
1	Оз күзыреті шенберінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты және тиісті аумақты дамыту бағдарламасына енгізілген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру	
2	Оз күзыреті шегінде мемлекеттік мекемелердің энергия тұтынудың нормативтерін сақтауына мониторингті жүзеге асыру	
	Жалпы бағалау:	
	Жалпы бағалаудың мәні:	

Бағалау өлшемдері бойынша жергілікті атқарушы органның қызметінің тиімділігін талдау:

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Тұжырымдар мен ұсынымдар:

---

---

---

---

---

---

---

---

---

М е м л е к е т т і к

органның басшысы

(қолы)

(қолының толық жазылуы)

М е м л е к е т т і к

органның

ти і ст і

құралымдық

бөлімшесінің басшысы

(қолы)

(қолының толық жазылуы)

20\_\_\_жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_